

ФИЛОЛОГ СТУДЕНТТЕРГЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОҚЫТУ

П.А. БАЙТИМБЕТОВА*
Ж.К. ОТАРБЕКОВА***

Түйіндеме: Сын тұрғысынан ойлау жеке тәжірибеге сүйене отырып, бағалау, талдау мен логикалық пайымдау қабілеттері ретінде қарастырылады. Ол оқытушыдан ақпаратты түсініп, талдауға, дұрыс шешім қабылдауға бағыттайтын тапсырмалар жүйесін құруды талап етеді. Нәтижесінде өз ойы бар, оны негіздей алатын, фактілер мен болжамдарды ажырата білетін, дәйектей алатын тұлға қалыптастыру көзделеді. Бұл мақалада филолог студенттерге сын тұрғысынан оқытуда тілдік білім мен сыни ойлауды қатар дамытатын маңызды процесс екендігін түсіндіру арқылы оқытудың тиімді жолдары қарастырылған. Сын тұрғысынан оқыту әдісі арқылы студенттерге фразеологизмдердің тілдік, мәдени әрі мағыналық еркшеліктерін тереңірек түсінуге, әрі талдап, салыстырып, қолданылу сапасын сыни көзқараспен бағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ фразеологизмдерді сын тұрғысынан оқыту жолдары қарастырылған. Тәжірибелік сабақтарға қажетті түрлі тапсырмалардың үлгілері ұсынылып, студенттерге фразеологизмдерді оқыту үшін бағыт-бағдар көрсетілген.

Тірек сөздер: *фразеологизм, сыни ойлау, тәжірибе, технология, құзыреттілік.*

Teaching Philosophy Students from a Critical Point of View

Abstract: Critical thinking is considered as the ability to evaluate, analyze, and think logically based on personal experience. This requires the teacher to create a system of assignments that guide him to understand and analyze information and make the right decisions. It is assumed that as a result, a personality is formed who has a personal thought, is able to prove it, distinguish between facts and assumptions, and prove it. This article examines effective teaching methods for philology students, which explain that critical learning is an important process that simultaneously develops language skills and critical thinking. The critical teaching method allows students to better understand the linguistic, cultural and semantic features of phraseological units, analyze, compare and critically evaluate the quality of their use. Approaches to the critical study of phraseological units are also considered. Samples of various tasks necessary for practical exercises were presented, and instructions for teaching students phraseology were demonstrated.

Keywords: *phraseology, critical thinking, experience, technology, competence.*

Кіріспе

Жоғары білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – студентке теориялық білім беріп қана қоймай, сол алған білімдерін тәжірибелік сабақтармен ұштастырып, оқу әрекетін ғылыммен, кәсіби әрекетімен байланыстыра білуге дағдыландыру. Сын тұрғысынан оқытудың мақсаты – студенттердің талдау, ойлау, бағалау дағдыларын дамытып, білім беру процесінде жеке ұстанымын белсенді ету. Осыған байланысты, фразеологизмдердің мағынасы, қолданылуы, стилистикалық рөлі туралы сыни пайым жасай алуын қалыптастыруға ықпал жасау маңызды. Әртүрлі мәтіндердегі фразеологизмдерді бағалап, олардың контекске әсерін түсіну маңызды болып табылады, әрі фразеологизмдердің ұлттық болмыс, мәдениет, салт-дәстүрмен байланысын талдауға машықтанады. Осыған орай, кез-келген ұлттың мәдениетін танып-білуде ең басты құндылығымыз – тіл. Тілдік деректерге сүйене отырып, ұлттың мәдениеті мен тарихын, ұлттық ерекшеліктері туралы мағлұмат аламыз. Бұл орайда тіліміздегі фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Онда халықтың ғасырлар бойы сақталып келген салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, дүниетаным тарихы көрініс тапқан. Тіліміздегі тұрақты тіркестердің мазмұнын түсіну арқылы ұлттық маңызы бар деректерді қарастыруға мүмкіндік туады. Демек, ұлт болмысын танып білуде фразеологизмдердің алар орны ерекше. Ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізу үшін қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы даяр қалпында қолданылатын тұрақты

* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, perizat737@mail.ru

**** Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессор м.а., zhotarbekova@gmail.com

тіркестердің қалыптасуын, шығу тарихын түсіну – тіл ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі.

1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте»: «Фразеологизм дегеніміз – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» деген анықтама берілген (559).

Сондай-ақ, фразеология – тұрақты тіркестерді (кең мағынада) зерттейтін лингвистикалық пән, әрі тілдердегі фразеологизмдерді қарастыратын тіл білімінің дербес саласы. (Кеңесбаев, 1977).

Демек, фразеологизмдер – бөлінбейтін бір бүтін бөлшек. Бұл қағидалар бойынша, тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер жеке-жеке мағына бермейді, жеке сөздерге ажыратылмайды. Оның құрамындағы сөздерді бөліп аударуға болмайды, құрамындағы сөздер тұтас бір мағына береді. Мысалы, *ит байласа, тұрғысыз (адам тұрып, тіршілік жасап болмайтын жер), жалаң төс, жүнді балақ батыр (ер жүрек батыр), жалаң аяқ жар кеітті, қызыл аяқ қыр кеітті (үлкен бейнет шекті, тұрмыс қиындығын көрді), тіл ұстартты (сөз өнеріне жетілдірді, шешендікке баулыды), тілі мірдің оғындай (тілі шаян шаққандай өткір) қасықтай қар, тобықтай тоң қалмайды (Қыс белгісінен дәнеңе қалмайды деген мағынада), қасықтап жиганын, шөміштеп төкті (шапты)* тағы сол сияқты. Фразеологизмдердің мағыналарын түсіндіру үшін, олардың біртұтас лексикалық мағына беретіні, сонымен қатар, бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатыны түсіндіріледі. Демек, фразеологизмді орынды қолданып, оның мағынасын түсінетін студент сөз саптауында, сөйлеу тілінде шебер қолдана алатыны белгілі. Фразеологизмдерді меңгертуде оның лексикалық және грамматикалық мағыналары бір-бірімен өзара сабақтасып жатады. Жоғарыда келтірілген танымдық қабілеттер фразеологизмдерді лексикалық және грамматикалық талдау кезінде, жаттығу жұмыстарында, мағынасын сөздік арқылы түсіндіру нәтижесінде жүзеге асады.

Күнделікті коммуникация барысында жастардың арасында фразеологизмдерді қолданбайтын орта да кездеседі. Осы жердегі мақсат – фразеологизмдерді оқыту барысында тіліміздің байлығы болып табылатын асыл сөз маржандарын біліп, оны сөздік қорда қолдану мүмкіндігіне ықпал ету. Осы нәтижеге жету үшін фразеологизмдерді түрлі тапсырмалар арқылы сын тұрғысынан оқытуды басшылыққа ала отырып, игерту маңызды. Олай болса, студенттерді сын тұрғысынан оқыту алдағы уақытта зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар береді.

Материалдар мен әдістер

Қарастырылып отырған тақырып аясында сын тұрғысынан оқыту барысы білім беру саласында кеңінен қолданылатын технологиялардың бірі. Бұл технологияны кеңінен қарастырған және дамытқан бірқатар ғалымдар мен зерттеушілер бар. Қазақ тіл білімінде сын тұрғысынан зерттеу әдісін тілді оқытуда қолдану мәселесі кейінгі жылдары белсенді зерттеліп келеді. Бұл бағытта еңбек еткен әдіскер ғалымдар мен зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне тоқтала кеткен жөн. Қ.Қадашева қазақ тілін оқыту әдістемесіне инновациялық технологияларды енгізуде, оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін терең қарастырып, жаңа әдіс-тәсілдерді, соның ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігін қарастырса (2000), К.С.Бітібаева әдебиетті оқыту әдістемесін зерттегенімен, еңбектерінде шығармашылық тапсырмалар мен талдау әдістері арқылы сын тұрғысынан ойлау элементтері көрініс табатынын атап өткен жөн (2011, 2019).

Шетелдік ғалымдардан Бенджаман Блум «Сын тұрғысынан ойлаудың таксономиясы» атты еңбегі білім беру саласында кеңінен танымал және сын

тұрғысынан ойлауды дамытуда маңызды рөл атқаратын теориялық негіздердің бірі (Блум, 1956). Бұл еңбек ең алғаш 1956 жылы жарық көріп, оқушылардың ойлау дағдыларын жүйелеуге бағытталған. Ал, Дэвид Клустер бойынша, сыни ойлау – кез-келген оқиғаға, жағдаятқа немесе пікірге байланысты әр адамның өз ойын білдіруі, оның сыни ойлауы болып табылады (2001, 36).

Американдық ғалым Дэвид Клустер сын тұрғысынан ойлау үшін қажетті бірнеше ойлау іс-әрекеттері бар деп көрсетеді. Мысалы, есте сақтау – оқу процесі үшін маңызды, онсыз болмайтын ойлау іс-әрекеттерінің бірі, бірақ сыни ойлаудан түбірлі өзгеше нәрсе. Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Білім алушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. (Клустер, 2001)

Америкалық философ және педагог Джон Дьюи оқушылардың сыни ойлауы белгілі бір проблеманы шешу барысында жүзеге асады деп түсіндіреді. «Оқытудың негізі сұрағын белгілі бір ситуация мен жағдаятқа байланысты өрбіту қажет» (Дьюи, 1997, 182). Сонда баланың табиғи қызығушылығын оятып, сыни ойлауға итермелеуге болады. Сол себепті де мұғалімге сабаққа дайындалу кезінде оқушыларға шешуді қажет ететін бірнеше проблемаларды анықтау керек. Оларды шешуде оқушылар мәліметтер жинайды, мәтінді талдайды, балама пікірлерді талқылайды, ұжымдаса отырып, жауабын табады (Дьюи, 1997). Джон Дьюи сын тұрғысынан ойлаудың негізін қалаушылардың бірі ретінде танылды.

Қазақ тілі фразеологиясын оқыту барысында студенттердің сыни ойлауын қалыптастыру үшін қандай ғылыми еңбектерге сүйенуге болады?

Фразеологизмдер өз алдына дербес лингвистика саласы екендігіне тоқтала келіп, Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: «Фразеологизмдер басқа тіл бірліктерінен төрт түрлі белгі – қасиетімен ерекшелінеді, деген анықтама берген. Олар:

1. Құрылым тұрақтылығы
2. Мағына тұтастығы
3. Даяр қалпында қолданылу тиянақтылығы

4. Бейнелілігі, мәнерлілігі. Осы белгілер фразеологизм атауының бәріне тән, тек бірінде толық, бірінде солғын болуы мүмкін. (Болғанбаев, Қалиев, 2006. 185).

Қазақ тіл білімінде лексикология саласында қарастырылып келген фразеологизмдерді зерттеудің бастауы ретінде тұрған еңбек академик І. Кеңесбаевтың диссертациялық еңбегі мен «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» (Кеңесбаев, 1977) атауға міндеттіміз. Себебі, сөздіктің негізгі теориялық бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін ең алғаш рет толығымен қарастырып, ғылыми негіздеп берді.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер, көркем шығармалардың аударылу мәселесі Ғ. Мұсабаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиев, Р. Сәрсенбаев, М. Жақыпбекованың, Х. Қожахметованың, Ә. Айтбайұлының, Е. Бектұрғановтың, С. Төлекованың, Ж. Ахмедованың, т.б. еңбектерінде 1960-1980 жылдары қарастырған. Одан кейінгі ауқымы терең зерттеулер академик Ә. Қайдар (1998) мен оның шәкірттері Г. Смағұлова (1996), Р. Авакова (2003), С. Сатенова (1997), Г. Сағидолдақызы (2003), Ә. Хазимова (2002) т.б. ғалымдардың есімдерімен байланысты. Сонымен қатар, белгілі ғалым Н. Уәлидің «Фразеология және тілдік норма» (1997), Ә. Айтбайұлының «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» (2013) еңбектерінің маңызы зор. Оның себебі, аталған еңбектер фразеологизмдерді жастардың дұрыс түсініп, кеңінен қолдануына мүмкіндік береді.

Фразеологизмдерді тиімді оқытудың бір жолы – оның құрамындағы солғын тартқан сөздердің мағынасын ашу және түсіндіру арқылы оқыту. Өйткені, көпшілігі, оның ішінде жастар мен студенттер күнделікті өмірде қолданылып жүрген сөздерде немесе тұрақты тіркестердің құрамында көп қолданылмайтын, мағынасы солғын тартқан немесе тіпті түсініксіз сөздер кездеседі. Білім алушы тұрақты тіркесті жиі қолданып жүрсе де, ондағы сөздерді дұрыс түсіне алмай жататын кездер де кездесіп жатады. Кей жағдайда сол сөздерді дұрыс түсінбегені үшін, тұрақты тіркесті орынды жерінде қолдана алмайды немесе мағынасы солғын тартқан сөзді оған ұқсайтын басқа сөзбен ауыстырып жатады. Сол себепті, сабақ барысында, оқытушы мағынасы солғын тартқан сөздердің мағынасын ашып түсіндіріп, жаттығу жұмыстарын, әртүрлі қызықты тапсырмалар орындатып, студентті қызықтырып өтетін болса, фразеологизмдердің толық мағынасы ашылады. Осы негізге сүйене отырып, сөздің шығу төркінін білу арқылы фразеологизмдердің мағынасын түсіндірудің жолдары көрсетілген.

Нәтижелер

Қазақ тілінің фразеологиялық жүйесін оқытуда фразеологизмдердің басты белгілері мен түрлерін ажырата білу, фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктерін білу және дұрыс қолдану, фразеологизмдердің құрылымдық-сипаты мен шығу арналарын білу міндетті. Осыған сәйкес төмендегідей тапсырмалар жүйесі сабақ барысында студенттерге ұсынылады:

1-тапсырма. Фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің ұқсастығы мен айырмашылығын «Венн» диаграммасы арқылы жалғастырып, жазыңыз.




2-тапсырма. Еркін тіркес пен тұрақты тіркестің айырмашылығын «Т кестесіне» салып, жалғастырыңыз.



4.
5.

4.
5.

3-тапсырма. Қазақ фразеологиясын зерттеген ғалымдар мен олардың еңбектерін кестеге түсіріңіз.



4-тапсырма. Фразеологизмдердің пайда болу арналарына мысал келтіріп, жалғастырып жазыңыз.

- ▶ Басына
- ▶ Мұзға
- ▶ Құлаққа
- ▶ Тар жол

5-тапсырма. Фразеологиялық варианттардың нұсқасын табыңыз.

Ағама жеңгем сай	Апама жеңгем сай
Алақанын жайды	
Ай дала	
Даңғыл жол	
Аспанмен таласқан	
Ат кекілін кесті	
Аяғынан тік қойды	
Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ	

6-тапсырма. Мына тұрақты тіркестердің баламасын көрсетіңіз:

- | | |
|-------------------------|------------------------|
| Аядай жер (тар жер), | иегі қышыды (.....), |
| Бс иді (.....), | иман жүзді (.....), |
| Бәйек болды (.....), | кекіл түйді (.....), |
| Бел жазды (.....), | көкке көтерді (.....). |
| Жайма шуақтады.(.....), | қарық қылды (.....) |
| Жайқын дала (.....), | олжа түсірді (.....). |
| Жаз дидарлы –(.....), | сабат жер (.....). |

7-тапсырма. Берілген фразеологизмдерді түрлеріне қарай топтастырыңыз.

Қой аузынан шөп алмайды, ит байласа тұрғысыз, қолаң шаш, шашбауын көтерді, түлен түртті, атқа жеңіл телпекбай, бір ұрты май, бір ұрты қан, үйлі баранды, жігері құм болды, тайға таңба басқандай, ит арқасы қиянда, ақ саусақ.

Фразеологиялық тұтастық	Фразеологиялық тізбек	Фразеологиялық бірлік
Қой аузынан шөп алмайды	Қолаң шаш	Тайға таңба басқандай

8-тапсырма. Берілген фразеологизмдердің қандай мағына беретінін түсіндіріңіз.

1. **Жеті қазына** деген не? Оған не кіреді?

Жұт жеті ағайынды дейді, оған нелер кіреді?

9-тапсырма. Халықтың өлшем ұғымдарына байланысты фразеологизмдердің қандай қашықтықты білдіретінін жазыңыз.

Қозы көш жер -

Ат шаптырым -

Құнан шаптырым -

Таяқ тастам -

10-тапсырма. Фразеологиялық варианттардың нұсқасын табыңыз.

Ашуына тиді	
Тыныс алды	
Аспанмен таласқан	
Ажар білдірді	
Кек алды	
Пешенесіне жазылған	
Пешенеден белгілі	
Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ	

11-тапсырма. Берілген сөйлемдерден тұрақты тіркестерді ажыратыңыз.

Төбем көкке жетіпті, есімнен шығып кетіпті (С.К.). Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп (Ғ.М.). Бала кірпік қақпай, көрер таңды көзімен атқызды (М.И.). Тайжан екі өкпесін қолға ала Мақсұттың үйіне қарай бар пәрменімен жүгіре жөнелді (С.М.). Ботагөз де бұл танысуды жек көрген жоқ (С.М.). Раушан қалтырап тұр, өкпесі аузына тығылып сөйлеуге ерік бермейтін секілді (Б.М.). Сойып қаптап қойғандай Шыңғысханның өзінен аумайтын Жошы деген ұлы бар еді (Ақсақ құлан). Майданға түспей, бәйге алма (Абай). Ойлай берсең, ой деген не қызыққа келер кез (Абай).

12-тапсырма. Мына тұрақты тіркестердің баламасын көрсетіңіз.

Көзін жеткізу –

Қыр көрсету –

Көңіліне келу –

Бетінен оты шықты –

қолды болу –

сабасына түсу –

қас пен көздің арасында –

төбе шашы тік тұрды –

Бармағын шайнау – екі езуі екі құлағында –
Жұлдызы қарсы – жүрек жалғап алды –
Жігері құм болды –

13–тапсырма. Төмендегі сұрақтарға тиісті тұрақты сөз тіркестерімен жауап беріңіз.

1. Қар жана ма?
2. Адамның төбесі аспанға жете ме?
3. Сөйлегенде сөз ауыздан түсіп қала ма?
4. Екі аяқ бір етікке сыя ма?
5. Жұмыстың аяғы бола ма?
6. Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?
7. Мәселенің қабырғасы бола ма?
8. Адамның қай жеріне нан піседі?

Фразеологизмдерді сын тұрғысынан оқытуда бірнеше әдістерге әртүрлі тапсырмалар ұсынуға болады:

Талдау және салыстыру әдісі. Мысалы, 1.«Қас пен көздің арасында» деген тіркестің тура және ауыспалы мағынасы қандай? 2.Өзге тілдерден ұқсас тіркестер алып салыстыр (мысалы, түрікше, ағылшынша т.б) 3.Қандай жағдаяттарда қолдануға болмайды? Неге?

Шығу тегін зерттеу, яғни этимологиялық әдіс. Мысалы, 1.«Бет моншағы үзіліпті». Бұл тіркес қандай жағдайға байланысты пайда болған? 2.Қандай тарихи немесе мәдени жағдайлармен байланысты болуы мүмкін?

Контекстік қолдану. Берілген мәтіннен фразеологизмдерді анықтап, мәтіндегі қызметін түсіндіріңіз (мысалы, бояу, образды беру, ирония т.б). «Әйелдің айтқанына көніп, еркектің айтқанына жүрсең, екі оттың ортасында қаласың». Осы сөйлемдегі фразеологизмдерге назар аударып, прагматикалық мәнін талдаңыз.

Авторлық интерпретация жасау. Берілген фразеологизмдерді заманауи мәтінге бейімдеп, шағын шығарма немесе диалог құрастырыңыз.

«Аузына құм құйылды» тіркесін бүгінгі жастар тілімен немесе әлеуметтік желі контексінде жазыңыз.

Дискуссия ұйымдастыру. Фразеологизмдер қазіргі жастар арасында қолданыстан шығып бара ма? Тілімізді байыта ма, әлде түсініксіздік тудыра ма? Берілген тапсырмада студенттер топта жұмыс жасап, аргументтерін дәлелдейді, сыни ойлауды дамытады.

Құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін талдауда студенттер фразеологизмдерді (идиомалық, метафоралық, салыстырмалы, мақал-мәтел тектес) талдай отырып, олардың құрылымындағы бейнелілік пен мағыналық тұтастықты түсінеді.

Когнитивтік және мәдени аспектілерін ашуда фразеологизмдердің артында жатқан ұлттық мәдени кодтарды түсіндіруде тіл мен мәдениеттің сабақтастығын көрсетеді. Студенттер өз ойларын дәлелдеп, түрлі көзқарастарды салыстыралы.

Оқу үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологияларын қолдануда

- “Ой қозғау”
- “Топтастыру”
- “Венн диаграммасы”
- “SWOT талдау”
- “Сұрақ қою стратегиясы” сияқты әдістер студенттердің шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытады.

Сын тұрғысынан оқыту студенттердің тек тілдік білімін ғана емес, олардың логикалық ойлауын, аргументтерді бағалау қабілетін, мәдени-танымдық көкжиегін кеңейтеді. Бұл тәсіл фразеологизмдерді жай тізім емес, терең таным объектісі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Осыған орай, филолог студенттерге арналған «Фразеологизмдерді сын тұрғысынан оқыту» тақырыбына шағын сабақ жоспарын үлгі ретінде көрсетуге болады.

Тақырыбы: Фразеологизмдерді сын тұрғысынан оқыту

Мақсаты:

- Студенттерге фразеологизмдердің түрлері мен мағынасын сын тұрғысынан талдауға үйрету

-Ұлттық танымды, мәдени кодты тануға бағыттау

-Салыстырмалы анализ жасау қабілеттерін дамыту.

Сабақтың құрылымы:

I.Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)

Тақырыпты жариялау

Сабақ мақсатын хабарлау

Миға шабуыл әдісі:

Сұрақ: «Фразеологизм мен мақал-мәтелдің айрмашылығы қандай?»

II.Жаңа сабақты түсіндіру (5 мин)

- Фразеологизмдердің түрлерін қысқаша қайталау

-Сын тұрғысынан оқыту әлістерін кіріктіру;

-“Венн диаграммасы”тұрақты тіркестер мен еркін тіркестерді салыстыру

-Мысалы: «Ит өлген жер», «Құлақ аспау», «Аузынан ақ май ағу»

-Контекстік талдау:бір фразеологизмнің бірнеше контекстегі мағынасын мен рөлін анықтау.

III.Топтық жұмыс (15 мин)

Тапсырма:

- Фразеологизмдердің шығу тегін табу

- Контекст ұсыну

-Мәдени және прагматикалық мәнін түсіну

- Өз көзқарастарын дәлелдеу

IV.Қорытынды және рефлексия (10 мин)

- “ INSERT ”әдісі (не білдім?Не үйрендім?Не қызық болды?)

- Қысқаша тест немесе сұрақтар арқылы кері байланыс

-Сабаққа рефлексия жаздыру

Бағалау критерийлері:

- Дәлелдеу мен талдау қабілеті

- Мәтінмен және теориямен жұмыс істеу

-Топта белсенділік көрсету

- Жаңаша ойлау элементтерін ұсыну

Қорытынды

Сабақ барысында берілген тапсырмалар арқылы студенттердің ойлау қабілеттерін, сөйлеу мәнерлерін, зерттеу құзыреттіліктерін, қатысым әрекеттерін, танымдық қасиеттерін дамыту- сөйлеу дағдыларына ықпал етеді.

Фразеологизмдерді оқыту барысында студенттердің сөздік қорын, тіл байлығын, сөздікпен жұмыс жасау тәсілдерін меңгеруі, тұрақты тіркестердің түрлері мен оның құрамын саналы түсінуіне, сөздік қордағы тұрақты тіркестерді күнделікті қарым-қатынаста жұмсауға дағдылануға әсер етіп, пәнге деген қызығушылықтарын

арттырады. Фразеологизмдердің ішінде мағынасы солғын тартқан, күнделікті қолданыста кездесе бермейтін, мағынасы түсініксіз бірқатар сөздерді студенттерге, яғни қазіргі жастарға оқытушы тарапынан мүмкіндігінше, сабақ барысында әртүрлі жаттығуларды, тапсырмаларды орындата отырып, түсіндірсе, студенттің пәнге деген қызығушылығы артатыны сөзсіз. Мағынасын ашып түсіндіргенде, фразеологизмдерді дұрыс түсіну, қолдану мүмкіндігі туады. Сондықтан да, студенттер сөздің шығу төркінін білетін болса, фразеологизмдерді күнделікті қарым-қатынаста дұрыс қолдана алары сөзсіз.

Филолог студенттерге фразеологизмдерді сын тұрғысынан оқыту барысында, олардың тілдік әрі танымдық қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Бұл тәсіл студенттерге фразеологизмдердің тек мағынасын жаттап қана қоймай, шығу тегі, мәдени-тарихи контексті, прагматикалық маңызы, қолданыс аясы мен тілдік бірегейлігі тұрғысынан терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келе, филолог-студент біріншіден сыни ойлау дағдыларын дамытады, білім алушылар тұрақты тіркестердің мағынасы мен қолданысына талдау жасап, балама нұсқаларымен салыстырады.

Екіншіден, мәдениетаралық коммуникацияны арттырады, фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерделеу арқылы өзге мәдениеттермен салыстырмалы талдау жүргізуге дағдыланады.

Үшіншіден, тіл байлығын арттырады, білім алушылар фразеологиялық қорды саналы түрде меңгеріп, сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

Төртіншіден, ғылыми көзқарас қалыптастырады. Фразеологизмдерге лингвистикалық, семантикалық және стилистикалық тұрғыдан жүйелі зерттеу жасауға ынталандырады.

Осылайша сын тұрғысынан оқыту әдісі фразеологизмдерді оқытуды жаңаша қырынан көрсетіп, болашақ филологтардың тілдік әлеуетін жан-жақты жетілдіруге ықпал етеді.

Жинақтай келгенде, студенттерде сын тұрғысынан ойлаудың қалыптасуы олардың оқу үдерісіндегі белсенділігін арттырады әрі танымдық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сын тұрғысынан ойлау технологияларын сабақ барысында қолдану білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге әсерін тигізеді. Өз ойын айқын әрі сенімді жеткізіп, оны негіздей білу сыни ойлаудың нәтижесі. Ол үшін сабақ барысында түрлі топтық, жұптық жұмыстар, дебаттар мен талқылаулар жүргізген жөн. Сонымен, сыни ойлау тұлғаны дамытудың әр қырын қамтитын, білім берудің тиімділігін арттыратын үдеріс деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Лингвистический энциклопедический словарь(1990). Москва, 1990. С-559.
- Кеңесбаев, Исмет (1977). Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 728 б.
- Қадашева, Қарлығаш (2000). Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелері, Алматы. 220 б.
- Бітібаева, Қанипа (2011). Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы: 2-басылым. Астана, «Дарын», 2011-271 б.
- Бітібаева, Қанипа (2019). Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. 2-басылым. Алматы, «Қазақ университеті», 2019. 287 б.
- Bloom, B.S., (Ed.). (1956). Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals: Handbook I, cognitive domain. New York: Longman
- Кластер, Дэвид (2001). Что такое критическое мышление? Перемена. Весна 2001 (4), с. 36-40 (Философия и методы РВСТВ действии. Под.ред. С.Мирсеитовой. Казахстанская Ассоциация по Чтению. Серия “Школа профессионального развития”. – Алматы: ИздатМаркет, 2004. Глава 2, с. 104-114.

- Дьюи, Джон (1997). Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 1997, 285 бет.
- Болғанбаев, Әсет, Қалиев Ғабдолла. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік- Словарь» баспасы, 2006. – 262 б.
- Уәли, Нұргелді (1997). Фразеология және тілдік норма». Алматы, 1997.
- Айтбайұлы, Өмірзақ. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 400 бет
- Қайдар, Әбдуәли (1998). Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, «Ана тілі», 1998.-304 б.
- Смағұлова, Гүлдархан. Фразеологизмдердің варианттылығы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1996. – 128 бет.
- Авакова, Раушан (2003). Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы. ҚДА, Алматы, 2003.
- Сатенова, Серікгүл (1997). Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты [Текст] : Монография, 1997
- Сағидолдақызы, Гүлғаша (2003) Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. Алматы, 2003.
- Хазимова, Әлия. (2002). Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері. – Алматы: ҚДА, 2002. 312 б.